



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)

2023 жылғы 16 мамырдағы № ДС-174

### Құрметті депутаттар!

Сіздердің аутизм спектрі бұзылған балалардың скринингін (бұдан әрі – АСБ) ұйымдастыруға, Аутизмнің ұлттық ведомствоаралық ресурстық орталығын және денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалардың бірыңғай тіркелімін құруға қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Соңғы бес жылда АСБ диагнозымен есепте тұрған балалардың саны 3 есеге жуық өсті.

*Анықтама: 2018 жылы аутизммен ауыратын 4707 бала анықталды, 2019 жылы – 5193, 2020 жылы – 6771, 2021 жылы – 8796, 2022 жылы – 12 087 бала.*

Осыған байланысты Үкімет АСБ бар балаларға көмек көрсетудің қолжетімділігін, тиімділігін арттыруға және сырқаттанушылықты азайтуға бағытталған кешенді шаралар қабылдауда.

*АСБ диагнозы бар балаларды ерте анықтау бойынша тәсілдерді жетілдіру туралы*

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдарын ескере отырып, Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – ДСМ) № 704 бұйрығымен бекітілген Скринингтерді ұйымдастыру қағидаларына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізді.

Атап айтқанда, балалардың жүйке-психикалық даму шкаласын өзектендіру жүргізіліп, скринингтердің барлық түрлерін жүргізу алгоритмдері жетілдірді, медициналық ұйымдар мен психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиялар (бұдан әрі - ПМПК) арасындағы өзара іс-қимыл күшейтілді.

Тұрақты негізде скринингтерге мониторинг жүргізіледі. 2023 жылдың 3 айы ішінде психофизикалық даму скринингімен 774 мыңнан астам бала (66,7%) қамтылды (2022 жылғы 3 айдың ішінде 337 мыңнан астам бала қамтылды - 47,9%), психофизикалық дамудың бұзылуы 8549 балада (1,1%) анықталды (2022 жылғы 3 айдың ішінде – 4457 бала (1,3%).

Одан әрі түзету әдістерін анықтау мақсатында балалар ПМПК-ға жіберіледі. Сондай-ақ, балаларды терең диагностикалау және негізгі диагноз бойынша емдеу жүргізіледі.

Бұдан басқа, 2022 жылы ДСМ Қазақстан Республикасында педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты қайта қаралып, оған балаларда аутизмді анықтауға арналған жаңа модификацияланған скринингтік тест енгізілді. Тест әрі қарай зерттеу үшін материалды іріктеудің, жинақтаудың және жинаудың сандық және сапа жағынан іріктелуін қамтамасыз ету құралы ретінде қызмет етеді.

*Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды қолдау және оқыту бағдарламаларын әзірлеу үшін аутизмнің ұлттық ведомствоаралық ресурстық орталығын құру туралы*

Қазіргі уақытта заңнамалық деңгейде оқу жоспарларының, бағдарламалардың (жеке, арнайы) өзгергіштігін, икемділігін қамтамасыз ету бойынша нормалар қабылданды, мектептерде педагог-ассистент лауазымы енгізілді.

Балаларды қоғамға бейімдеу және әлеуметтендіру мақсатында мектептерде ПМПК ұсынысы бойынша тағайындалған 1200-ден астам педагог-ассистенттер жұмыс істейді.

«Асыл мирас» қорының қолдауымен 7 жыл ішінде 12 мыңнан астам балаға өңірлердегі (Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Орал, Павлодар, Петропавл, Тараз, Өскемен қалаларында) 12 аутизм орталықтарында кешенді арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсетіледі.

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға<sup>1</sup> арналған тұжырымдамасы шеңберінде «Бесіктен мамандыққа дейін» қағидаты бойынша ЕҚБ бар балаларды білім беру бағытын (сүйемелдеуді) әзірлеу жоспарлануда. ЕҚБ бар баланың білім беру маршрутының жүйесі баланың туғаннан бастап кәсіп алғанға және оны жұмысқа орналастырғанға дейінгі білім деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы жыл сайын жергілікті атқарушы органдардың тапсырысы шеңберінде АСД бар балаларды қолдау бойынша педагог-ассистенттердің біліктілігін арттыру курстарын өткізеді.

Білім Министрлігі жанынан ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту үшін Аутизм мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесі құрылды, оның құрамына Бала құқықтары жөніндегі уәкіл, мемлекеттік және үкіметтік емес секторлардың<sup>2</sup> өкілдері («ЮНИСЕФ», «Аутизм-Қазақстан» Қауымдастығы, «Дара» қоры, «Тең мүмкіндіктер әлемі» ҚБ, «Autism». Қолжетімді орта» жеке қоры және т. б.) енеді.

Кеңес аутизмді диагностикалау, кадрларды даярлау (қолданбалы

<sup>1</sup> ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген

<sup>2</sup> Оқу-ағарту Министрлігінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы №532 бұйрығы

талдаушылар, арнайы психологтар және т.б.), аутизмі бар балаларды әлеуметтік қолдау, аутизмі бар балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету мәселелерін қарастырады.

Жүргізіліп жатқан жұмыстарды ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды жан-жақты қолдау, әдістемелік құралдар мен мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында оқыту бағдарламаларын әзірлеу бойынша одан әрі жұмысты Үйлестіру кеңесі мен жұмыс істеп тұрған аутизм-орталықтар шеңберінде қосымша құрылымдар жасамай жүзеге асыруды көздейміз.

*Мүгедек балалардың бірыңғай тіркелімі, диагностиканың, емдеудің, түзетудің, оңалтудың жаңа әдістерін енгізу туралы*

Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021– 2023 жылдарға арналған Жол картасы шеңберінде мүмкіндігі шектеулі балалардың бірыңғай қазақстандық тіркелімін құру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Есепке алуды ұйымдастыру «eDensaulыq» платформасы негізінде жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта жас балалардың скринингтері цифрландырылуда. Бұл жұмыстар 2024 жылдың екінші тоқсанында аяқталады.

Осы мәселенің жоғары әлеуметтік маңыздылығы мен өзектілігін ескере отырып, Үкімет депутаттық корпуспен бірлесе отырып, мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсету жөніндегі жұмысты жалғастыруға дайын екендігін білдіреді.

**Т. Дүйсенова**